ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 20 мамыр № 1112-24-00-2/1151 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ARSEN2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіненең мемлекеттік пайдасына тұрақсыз 3 883 (үш мың сегіз жүз сексен үш) теңге, 1962 (бір мың тоғыз жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 20.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Исенова К. Е., 28.06.2024

1112-24-3-1/1141